

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		044-72/11 (84)
Өндірістік тәжірибе бойынша оқу жұмыс бағдарламасы		10 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжі**

«КЕЛІСІЛДІ»
ЖШС «Ер-АНА»
 медициналық орталығының
 директоры
Ж.Б. Момытбекова
 «» 2023ж.

«БЕКІТЕМІН»
«ОҚМА» АҚ жанындағы
 медицина колледжінің директоры
Кушкарова А. М.
 «» 2023ж.

ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕ БОЙЫНША ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандығы: 0302000 «Мейіргер ісі»
 Біліктілігі: 0302054 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
 Оқу түрі: күндізгі
 Оқытудың нормативтік мерзімі: 3 жыл 6 ай
 Циклдар мен пәндер индексі: ӨП 17
 Курс: 4
 Семестр: 7
 Пән: «Дәлелді мейіргерлік практика»
 Бақылау нысаны: диф/сынақ
 Барлық сағат/кредит көлемі KZ: 120/4

Шымкент, 2023 ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		
Өндірістік тәжірибе бойынша оқу жұмыс бағдарламасы		044-72/11 (84) 10 беттің 3 беті

Түсініктеме хат

1.Тәжірибенің мақсаты мен міндеті. Дәлелді мейіргерлік тәжірибе (ДМТ/EBN) бұл озық, қолжетімді, нақты деректердің, мейіргерлік тәжірибенің, пациенттердің ерекше ықыласының және ресурстардың бірігуі. Дәлелді мейіргерлік тәжірибенің мақсаты – пациенттердің жоғары сапалы медициналық көмекті алуын қамтамасыз ету болып табылады. Дәлелді мейіргерлік тәжірибе – мейіргердің сыни ойлауы мен шешімді қабылдауы үшін негіз болып табылады.

2. Тәжірибенің мақсаты:

Дәлелді мейіргерлік практиканың мамандығының дамуы және қалыптасуы үшін тәжірибелік дағдыларға үйрету.

3. Тәжірибенің міндеттері:

- Студенттерді дәлелді мейіргерлік практиканың негізгі анықтамалары мен ұғымдарымен таныстыру.
- Дәлелді мейіргерлік практика деректер қорын пайдалану арқылы медициналық ақпаратты іздеу дағдыларына үйрету.
- Клиникалық зерттеулердің негізгі түрлері мысалында кез келген күрделіліктегі медициналық ақпаратқа талдау жүргізуге үйрету.
- Студенттерді дәлелді мейіргерлік практика сүзгілерінің көмегімен медициналық ақпаратты сыни ойлауға, талдауға және бағалауға үйрету.

4. Тәжірибені өтудің соңғы нәтижелері:

1. Ақпаратты алу, сыни бағалау, қолдану және тарату және пациенттерге, олардың отбасыларына және пәнаралық топқа тиімді ақпарат беру дағдыларын көрсетеді.
2. Дәлелді мейіргерлік практиканы жақсарту үшін жаңа идеяларды тудырады. КҚ-2
3. Ғылыми дәлелдерге негізделген мейірбикелік техниканы дамытады. КҚ-2
4. Дәлелді мейірбике тәжірибе туралы нұсқаулықты таратады. КҚ-2
5. Дәлелді мейірбикелік материалдарды пайдалана отырып, мейірбике ісінің нәтижелеріне және денсаулықты нығайтуға әсер ететін маңызды фактор ретінде дәлелді мейірбике тәжірибесін талдайды. КҚ-4

5.Тәжірибенің пререквизиты:

1. Мейіргер ісіндегі менеджмент.

6.Тәжірибенің постреквизиты:

Оқу бағдарламасының мазмұнына кіреді:

1. Ақпаратты алу, сыни тұрғыдан бағалау, қолдану және тарату және науқастарды, олардың отбасыларын және көп салалы топты тиімді ақпараттандыру дағдыларын көрсетеді.
2. Дәлелді мейіргерлік тәжірибені жақсарту үшін жаңа идеяларды тудырады.
3. Ғылыми дәлелдерге негізделген жетілдірілген мейіргерлік әдістерді әзірлейді.
4. Дәлелді мейіргерлік тәжірибе бойынша нұсқаулықты таратады.
5. Дәлелді мейіргерлік материалдарды пайдалана отырып, мейіргер күтімі мен денсаулықты нығайту нәтижелеріне әсер ететін маңызды фактор ретінде дәлелді мейіргерлік тәжірибені талдайды.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		044-72/11 (84)
Өндірістік тәжірибе бойынша оқу жұмыс бағдарламасы		10 беттің 4 беті

7. «Дәлелді мейіргерлік практика» өндірістік практикасының тақырыптық жоспары.

№	Тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1.	Дәлелді медицинаның анықтамасы. Дәлелді медицинаның даму тарихы.	Дәлелді медицина негіздеріне кіріспе. Негізгі түсініктер мен анықтамалар. Дәлелді медицинаның құралдары мен терминдері.	7,2
2	Клиникалық эпидемиология: анықтамасы, даму тарихы, негізгі қағидалары мен тәсілдері	Клиникалық эпидемиологияның түсініктері мен қағидалары. Дәлелді медицинадағы зерттеу түрлері.	7,2
3.	Дәлелдеудегі эпидемиологиялық зерттеулердің маңызы.	Аурудың дамуы мен ұлғаюына әсер ететін факторлар	7,2
4.	Дәлелді медицинаның бес кезеңі.	Мәселені қалыптастыру. Интернеттен және электронды базалық негіздерден ақпараттар іздеу. Мақалаларды талдау және сыни бағалау. Алынған деректер-ді практикада қолдану.	7,2
5.	Дәлелді медицинаның бірінші кезеңі. PICO қағидасын қолдана отырып, проблемаларды қалыптастыру.	PICO қағидасын қолдана отырып, клиникалық сұрақты қалыптастыру: пациент (patient), араласу (intervention), салыстыру (comparison), нәтижелері (outcomes).	7,2
6.	ДМ-ның екінші және үшінші кезеңдері. Интернеттен және электронды базалық негіздерден ақпараттар іздеу.	Интернеттен және электронды базалық негіздерден ақпараттар іздеу. Кокрайн кітапханасы. Medline библиографиялық іздестірудің жүйесі.	7,2
7.	ДМ-ның төртінші және бесінші кезеңі. Алынған деректерді практикада қолдану.	Клиникалық нұсқаулық және хаттама: анықтамасы, өндеу қағидалары, тәжірибеге енгізудің мәселелері.	7,2
8.	Жүйелі шолулар.	Жүйелі шолулар туралы түсінік, оларды құрастыру қағидалары.	7,2
9	Медициналық мәліметтердің статистикалық талдауының негіздері.	Статистикалық талдаудың әдістері; сандық және сапалық белгілер бойынша салыстыру; мета-талдау; мәліметтердің көп факторлық талдауын қолдану.	7,2
10	Medline- медициналық ақпаратты іздестірудің библиографиялық жүйесі.	Медициналық ақпаратты библиографиялық іздестіру; Medline бағдарламасымен жұмыс істеу ерекшеліктері.	7,2
11	Кокрайн кітапханасымен жұмыс істеу ережелері.	Кокрайн кітапханасын ашылуы. AGREE сауалнамасы.	7,2
12	Дәрігерлік тәжірибе үшін клиникалық зерттеу мен басшылықтың маңызы	Клиникалық рандомизирленген зерттеулердің шектеулігі мен құндылығы.	7,2
13	Рандомизация әдісі.	Рандомизация әдісі мен нәтижесі. Рандомизация әдістері.	7,2
14	Сұрақтарды қалыптастырудағы өзекті мәселелер.	Сұрақтарды қалыптастыруға қойылатын негізгі талаптар.	7,2

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		044-72/11 (84)
Өндірістік тәжірибе бойынша оқу жұмыс бағдарламасы		10 беттің 5 беті

15	Клиникалық сұрақтардың мәселелері.	Клиникалық сұрақтардың негізгі элементтері.	7,2
16	Ақпарат іздестірудегі электрондық ресурстар	Дәлелді мейіргерлік тәжірибе. Қазақстандағы мейіргер ісі.	7,2
17	Мейіргер ісінде көшбасшылыққа үйрету.	Интернеттен ақпараттарды іздестіру және пайдалана білу.	4,8
	Барлығы:		120

8. Меңгеру және бекіту қажет практикалық дағдылардың тізбесі..

№	Тәжірибелік дағдыны орындау тақырыптары	Саны
1.	Дәлелді медицинаның анықтамасы. Дәлелді медицинаның даму тарихы.	1
2.	Клиникалық эпидемиология: анықтамасы, даму тарихы, негізгі қағидалары мен тәсілдері	1
3.	Дәлелдеудегі эпидемиологиялық зерттеулердің маңызы.	1
4.	Дәлелді медицинаның бес кезеңі.	1
5.	Дәлелді медицинаның бірінші кезеңі. PICO қағидасын қолдана отырып, проблемаларды қалыптастыру.	1
6.	ДМ-ның екінші және үшінші кезеңдері. Интернеттен және электронды базалық негіздер ден ақпараттар іздеу.	1
7.	ДМ-ның төртінші және бесінші кезеңі. Алынған деректерді практикада қолдану.	1
8.	Жүйелі шолулар.	1
9.	Медициналық мәліметтердің статистикалық талдауының негіздері.	1
10.	Medline- медициналық ақпаратты іздестірудің библиографиялық жүйесі.	1
11.	Кокрайн кітапханасымен жұмыс істеу ережелері.	1
12.	Дәрігерлік тәжірибе үшін клиникалық зерттеу мен басшылықтың маңызы	1
13.	Рандомизация әдісі.	1
14.	Сұрақтарды қалыптастырудағы өзекті мәселелер.	1
15.	Клиникалық сұрақтардың мәселелері.	1
16.	Интернет ақпарат көздерін іздестіру	1
17.	Денсаулық сақтау жүйесіндегі дәлелді медицина	1

9. Бақылау: д/сынақ

Д/сынақ – бағалау әдісі болып табылады, онда студент өзінің білімі мен түсінігін тәлімгер мен оқытушыға көрсетеді. Бағалау туралы сұхбат жеке немесе шағын топта жүргізілуі мүмкін, сонымен қатар құрдастарының бағалауы да болуы мүмкін.

Д/сынаққа арналған сұрақтар:

1. Дәлелді медицина анықтамасы.
2. Дәлелді медицина даму тарихы.
3. Әке-шешесі темекі шегетін жанұяда жылына бала бірнеше рет пневмониямен ауырған. Шешесі дәрігерге келіп сұрайды: «Мүмкін баланың пневмониямен ауыратынына біздің темекі шегетініміз әсер етеді ме?». Мейіргер бұл сұраққа жауапты деректер базасына жүгініп іздейді. Бұл мәселенің жауабын табу үшін PICO формуласы бойынша клиникалық сұрақ құрастырыңыз.
4. Дәлелді медицина қай салада қолданылады?
5. Дәлелді медицинаның дүние жүзілік даму тәжірибесі туралы не білесіз?
6. Дәлелді медицинаның 5 кезеңі.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы	044-72/11 (84)	
Өндірістік тәжірибе бойынша оқу жұмыс бағдарламасы	10 беттің 6 беті	

7. Клиникалық эпидемиологияның мақсаты.
8. PICO қағидасы.
9. Электронды мейіргерлік журналдар.
10. MEDLINE ерекшелігі.
11. Рандомизацияланған контрольды зерттеу типі туралы не білесіз?
12. Дәлелді мейіргерлік тәжірибені қалай енгізуге болады?
13. Дәлелді мейіргер ісінің негізгі ерекшеліктері неде?
14. Дәлелді медицинаның 5 сатысын атап шығыңыз және оларға түсіндірме беріңіз.
15. Дәлелді мейіргер ісінің негізгі ерекшеліктері неде?
16. Дәлелді мейіргерлік тәжірибеге қалай оқытуға болады?
17. Қазақстандағы мейіргерлік практикадағы дәлелді мейіргер ісінің даму бағытын сипаттап беріңіз.
18. Дәлелді ақпарат көздерін іздестіру жолдары қалай құрастырылады,
19. Мейіргер ісіндегі негізгі деректер базасы қандай?
20. Жүйелі шолудың әдеби шолудан айырмашылығын айқындап беріңіз.
21. Дәлелді мейіргер ісіне негізделген аудиттің жобалық жоспарын құрастыр.
22. Мейіргер ісін жетілдіру.
23. PICO принципін дәлелді мейіргер ісіндегі ролі қандай?
24. Дәлелді мейіргер ісіндегі зерттеу типтері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері.
25. Мейіргер ісінде көшбасшылыққа үйрету.
26. PICO-принципін қолдана отырып, клиникалық сұрақтарды қалыптастыруды көрсетіп беріңіз.
27. Дәлелді мейіргерлік тәжірибе.
28. Қазақстандағы мейіргер ісі.
29. Интернеттен ақпараттарды іздестіру және пайдалана білу.
30. Ғылыми мақалаларды талдау және сынай бағалау.
31. Медициналық ақпараттардың көздерінің артықшылығы мен кемшіліктері.
32. Дәлелді мейіргерлік практиканы енгізудегі артықшылықтары мен кедергілер
33. Денсаулық сақтау жүйесіндегі дәлелді медицина.
34. Дәстүрлі «дәлелдер иерархиясы».
35. Дәлелді мейіргерлік практиканың ҚР дамуы мен кедергілері.
36. Когортты зерттеулер.
37. Электрондық ресурстар.
38. Дәлелді медицинаның ақпарат көздері.
39. Клиникалық эпидемиология мен дәлелді медицинада қолданылатын биостатистиканың негізгі көрсеткіштері.
40. Медициналық шешімдердің дәлелділігі.
41. Рандомизирленген клиникалық зерттеулер.
42. ДМ сүзгісін қолдана отырып Интернетте ақпарат іздестіру.
43. Пациенттердің ғылыми зерттеулердегі ролі. Пациенттердің құқығы.
44. Скрининг бағдарламаларының негіздері
45. Когортты зерттеулер
46. Қарапайым соқырлау әдісі, үштік соқырлау әдісі
47. Проспективті және ретроспективті зерттеулер
48. Клиникалық зерттеулерді жоспарлау
49. Науқас ауруханада жатыр диагнозы: аяқтағы көк тамырдың кеңеюі, аяқ астынан варикоз түйіндерінен қан кете бастады. Мейіргерді шақырды, науқастың терісі бозғылт жалпы әлсіздік.бас айналу. Балтырдың ішкі жағында кеңейген веналардың түйіндері. Оның

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		044-72/11 (84)
Өндірістік тәжірибе бойынша оқу жұмыс бағдарламасы		10 беттің 7 беті

үстіндегі тері пигментацияланған. Оң жақ балтырының үштен бір бөлігінде қан кетуде. Қан қысымы. АҚ 105/65 мм рт. ст. ТАЖ 22 мин. Ішкі мүшелердің бұзылуы байқалмайды.

50. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

51. Дәлелді медицина тұрғысынан ауруды емдеу мен алдын алудың әртүрлі әдістерін бағалау.

52. Дәлелді медицинаның негізгі қағидалары.

53. ҚР-дағы ғылыми медициналық журналдар.

54. Medline медициналық ақпаратты іздестірудің библиографиялық жүйесі.

55. Кокрайн кітапханасымен жұмыс істеу ережелері.

56. Дәлелді медицинадағы клиникалық зерттеулердің жіктелуі.

57. Мейіргерлік тәжірибе үшін клиникалық зерттеу мен басшылықтың маңызы.

58. Сұрақтарды қалыптастырудағы өзекті мәселелер.

59. Аппендэктомиядан соң науқас хирургия бөлімінің палатасында жатыр. Операция 3 күн бұрын жасалған. Операциядан кейінгі ағымы асқынусыз. Бірақ, 3 – күні кешкісін дене қызуы 37,8° С дейін көтерілді, қалтырау, дімкәстік, операциядан кейінгі жара орнында пульсацияланатын ауыру сезімі мазалауда. Қараған кезде операциядан кейінгі тігіс орнының ісінуі, қызаруы, 3 тігіс ажыраған. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

60. Дәлелді медицина дамуының алғышарттары туралы айтып беріңіз.

61. Жағдай және бақылау зерттеу типі туралы не білесіз?

62. Стационардың «күйік» бөлімінде мейіргер қызметінде жұмыс істейсіз, 65 жастағы ер адам келіп түсті, түскен кездегі диагнозы: Іштің төменгі бөлігінің, сан және сирақтың термиялық күйік алуы, II – III дәрежеде. Күйік ауруы, септикотоксемия. Мейірбикенің анықтағаны: ер адамның жағдайы орта дәрежелі, өз жағдайына алаңдауда, күйік ауруынан айығуын ойлауда және өз жақын адамдарын күтуде. Дене қызуы 38°С, АҚҚ 140/90 мм сын. бағ., пульсі 90 рет минутына, ТАЖ 20 рет минутына. Күйіп қалған терісі қызарған, айқын байқалатын ісіну, іріңді бөлінумен жабылған, іштің алдыңғы тері беткейінде – тіндердің некрозды аймақтары анықталды. Таңу материалына серозды – іріңді бөліну жағылған. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

63. Рандомизацияланған контрольды зерттеу типі туралы не білесіз?

64. Ғылыми ақпаратты жүйелі шолу және мета анализ, оның негізгі анықтамасын және сипаттамасын айтып беріңіз.

65. 7 жастағы жеткіншек далада бір сағат шамасында жалаңаш қолымен қармен ойнады, тоңды. Үйге кіріп жылынған соң саусақтарының ауырғанына және ісінгеніне шағымдана бастады. Анасы емханаға қаратуға апарды. Жас өспірім бала қорқып тұр, оң қол саусақтарының ауырып жатқанына және саусақтарының қимыл – қозғалысының шектелгеніне шағымданды. Оң қолдың IV және V саусақтарының тері беткейі қошқыл қызғылт – көк түсті, ашық түсті сұйықтыққа толы күлдір бөртпе анықталды. Зақымдалған саусақтардың ісінуі байқалады, қолына қарай таралып жатқаны анықталды. Сезімталдылығы сақталған. Пульсі 78 рет минутына, АҚҚ 120/80 мм сп. бб. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

66. Қазақстандағы мейіргерлік практикадағы дәлелді мейіргер ісінің даму бағытын сипаттап беріңіз.

67. Дәлелді ақпарат көздерін іздестіру жолдары қалай құрастырылады, Мейіргер ісіндегі негізгі деректер базасы қандай?

68. Емханадағы хирург дәрігердің қабылдауына әйел адам қаралды, ол 5 минут бұрын стаканға құйылып тұрған уксус эссенциясын кенет білместен ішіп қойған. Науқас қобалжулы, алғашқы көмек көрсетуді сұрануда, мүгедек болып қалудан қорқатынын айтты.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		
Өндірістік тәжірибе бойынша оқу жұмыс бағдарламасы		044-72/11 (84) 10 беттің 8 беті

Сұраған кезде мейірбике анықтады: науқас өңеш жолы бойымен асқазанға қарай құсуды шақыртатын ауырсыну сезіміне шағымдануда. Қараған кезде мейірбике анықтады: ауыз қуысының кілегей қабаты беткейлі қызарған, кей бір жерлері ақ бөртпемен қапталған, сілекейдің көптеп бөлінуі мазасындандыруда. Пульсі 96 рет минутына, ырғақты, толымдылығы қанағаттанарлық. АҚҚ 130/80 мм. сп. бб. Тыныс алуы мұрын арқылы, бос дем алады, беткейлі минутына 24 рет, дауысы қарлыққан.

69. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

70. 2. Дәлелді мейіргер ісінің негізгі ерекшеліктері неде?

71. «Күйік алу» бөліміне науқас түсті, оның медициналық диагнозы: дененің алдыңғы беткейінің және екі санының термиялық күйігі. Күйік шоғы. Мейіргер сұрау жүргізген кезде анықтады: үй жағдайында үш сағат бұрын қайнап тұрған судан күйіп қалған. Науқас тежелген, қойылған сұраққа жауап береді, ауырсыну сезіміне шағымданады. Қараған кезде: тері беткейі бозғылт түсті, дененің алдыңғы беткейі және сандары қызарған, ісінген, көлемі әр түрлі күлдір бөртпелер көп, мөлдір түсті сұйықтыққа толы. Пульсі 104 рет минутына, ырғақты, толымдылығы қанағаттанарлық. АҚҚ 110/70 мм сп. бб. Тыныс алуы мұрын арқылы, бос дем алады, беткейлі минутына 24 рет. Кіші дәреті сирек, көлемі аз.

72. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

73. Жүйелі шолудың мүмкіндіктері мен шектеулері.

74. Дәлелді мейіргер ісіне негізделген аудиттің жобалық жоспарын құрастыр.

75. Емхананың хирургиялық бөлмесіне 40 жастағы науқас қаралды, қол саусақтарының ауырсынуына және аяқ – қолдардың ұюына шағымданды. Мейірбике анамнезінен анықтады: науқас екі сағаттың көлемінде қолғапсыз суықта тұрып қалған. Қараған кезде анықталды: қол саусақтарының терісі бозғылт түсті, сезімталдылығы бұзылған. Пульсі 80 соққы минутына, АҚҚ 130/80 мм. сп. бб., ТАЖ 18 рет минутына, температурасы 36,9°C.

76. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

77. PICO принципінің дәлелді мейіргер ісіндегі ролі қандай?

78. Дәлелді мейіргер ісіндегі зерттеу типтері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері.

79. Орта оқу орнының медициналық пунктіне оқушы қаралды, ол ішінің оң жақ бөлігінің ауыруына және көңілінің айнуына шағымданды. Мейірбике сұраған кезде ауырсыну сезімінің 12 сағат бұрын эпигастральді аймақ жақтан басталғанын анықтады, бір рет құсу болған. Қараған кезде: жағдайы орта дәрежелі ауырлықта, тері жабындысы қалыпты түсте, тілі құрғақ, ақ жабындымен қапталған. Пульсі 104 рет мин., АҚҚ 120/80 мм.сп.бб., температурасы 37,8°C градус. Іштің оң жақ бөлігі күштенуі және тынысалу кезінде қалып қоятындығы анықталды. Оң жақ мықын аймағында Щеткин-Блюмберг симптомы оң мәнді болып шықты.

80. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

81. PICO-принципін қолдана отырып, клиникалық сұрақтарды қалыптастыруды көрсетіп беріңіз.

82. Кездейсоқ қателер мен жүйелік қателіктердің бағалау әдістері туралы және олардың айырмашылықтарын түсіндіріп беріңіз.

83. Операциядан кейінгі палатада 36 жастағы науқас әйел адам жатыр, диагнозы: жіті флегмонозды аппендицит. Мейіргерге операция жасаған орын мен ішінің ауырғанына шағымданды. Қараған кезде: температурасы 37,8° С, пульсі 86 рет минутына, толымдылығы қанағаттанарлық, АҚҚ 130/80 мм.сп.бб., ТАЖ 20 рет минутына. Операциядан кейін 3 сағат өтті, науқас кіші дәретке шықпаған.

84. PICO конструкциясын қолданып, әдеби іздеу үшін клиникалық сұрақ құрастырыңыз.

85. Когортты зерттеудің жағдай мен бақылау зерттеу түрінен айырмашылығы неде?

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		044-72/11 (84)
Өндірістік тәжірибе бойынша оқу жұмыс бағдарламасы		10 беттің 9 беті

86. Ғылыми мақалаларды талдау және сынай бағалау қандай негізгі принциптерге негізделеді?

87. Науқасқа сүт безінің қатерлі ісігінің болуына байланысты радикалды мастоэктомия жасалынды. Операциядан кейінгі химио терапияны науқас көтере алмаған, шаштары түсіп, лоқсу, құсу байқалған мейіргермен сөйлескенде химиотерапияның қажеті жоқтығын айтады.

88. Дәлелді мейіргерлік практиканы енгізудегі артықшылықтары мен кедергілер.

89. Денсаулық сақтау жүйесіндегі дәлелді медицина.

90. Дәлелді медицинадағы зерттеудің дизайны.

91. Дәлелді мейіргерлік практиканың ҚР дамуы мен кедергілері

92. Дәлелді мейіргерлік практиканың әлемдік деңгейде дамуы мен кедергілері

93. Дәлелді медицинада клиникалық шешімді қабылдау кезеңдері.

Бағалау критерийлері

Бағалау	-Оқытудың соңғы нәтижелеріне сәйкес клиникалық практика бағдарламасы мақсаттарының жетістіктерін анықтау
Бағалау түрлері	
Аралық баға	-тьютор, ментор практикадан өту кезеңінде қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес білімнің, құзыреттіліктің даму деңгейін анықтау. Әңгімелесу, практикалық дағдыла мен машықтарды көрсету түрінде жүргізіледі.
Қорытынды баға	-бұл тьютор, ментор клиникалық практиканы бағалаудың қойылған мақсаттары мен критерийлеріне сәйкес білімді, дағдыларды немесе құзыреттілікті меңгеру деңгейін анықтайтын процесс. Бағалау медициналық ұйымның базасында бағалау әңгімелесу нысанында жүзеге асырылады.

Аттестация

Рейтингтік шкала

Әріптік жүйемен бағалау	Цифрлік эквивалент	Балдар (%-тік мазмұны)	Дәстүрлі түрде бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттарлықсыз
Бағалау критерийлері		Өте жақсы «А»: Студент сұрақтарға толығымен жауап берген жағдайда. Жақсы «B+» - «C+»: Студент білімін орта қалыпта жауап берген жағдайда.	

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Мейіргер ісі-1» кафедрасы		044-72/11 (84)
Өндірістік тәжірибе бойынша оқу жұмыс бағдарламасы		10 беттің 10 беті

	Қанағаттанарлық «С» - «D»: Студент сұрақтарға қанағаттанарлық жағдайда. Қанағаттанарлықсыз «FX» - «F»: Студент сұрақтарға толық емес жауап берген жағдайда.
--	---